

АРАЛЫҚ ЕСЕП
17 ақпан – 6 наурыз 2016 ж.

11 наурыз 2016 ж.

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

- 2016 ж. 20 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті, Нұрсұлтан Назарбаев, кезектен тыс парламент сайлауын 20 наурыз күніне белгіледі. Сайлау өкілдіктің пропорционалды жүйесі бойынша жүргізіледі, оған сәйкес, Парламенттің төменгі палатасының 107 мүшесінің 98-і партиялық тізімдер бойынша бір жалпы ұлттық сайлау округі аясында жеті пайыздық кедергімен сайланады. Қалған 9 мүшесін Қазақстан Халқы Ассамблеясы, Президент құрған кеңесші орган, жанама сайлау арқылы сайлайды.
- Сайлауды өткізуді реттейтін заңдар негізгі азаматтық және саяси құқықтарға кепілдік береді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау құқықтары мен жиын өткізу және ойды еркін білдіру бостандықтарын шектеуге қатысты шектеу ережелерін ЕҚЫҰ міндеттемелерімен сәйкестендіруді бұрын ұсынған.
- Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) алты саяси партиядан үміткерлер тізімдерін тіркеді. 234 тіркелген үміткердің 47-сі әйелдер. Тәуелсіз үміткерлер сайлауға түсе алмайды, ал саяси партияларға сайлау блоктарын құруға тыйым салынады.
- ОСК, 16 облыстық сайлау комиссиялары (ОбСК), 208 аумақтық сайлау комиссиялары (АСК) және 9 840 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) сайлауды жүзеге асырады. ОСК саяси партиялар өкілдері, жергілікті және халықаралық бақылаушылар және БАҚ қатысуымен тұрақты түрде ашық мәжілістер өткізеді. Сайлау жөніндегі заң саяси партиялардың комиссияларда тең ұсынылуын көздемейді.
- Сайлау науқаны 20 ақпанда басталды, және қазіргі кезде ол аса көрнекі емес. Үгіттеу жұмыстары пәтерлерді аралау, флэш-мобтар, сайлаушылармен жеке кездесулер және әлеуметтік желілерді қолдану арқылы жүзеге асырылуда. 2015ж. тамызында ОСК жөніндегі Ережеге енгізілген түзетулерге сәйкес ОСК сайлауалды үгіт-насихат барысында, айына екі рет әр партия бойынша кіріс пен шығыс көрсетілген қорлардың жалпы сомасын жариялауға міндетті.
- Шамамен 9,7 миллион сайлаушы тіркелген. Сайлаушыларды пассивті түрде тіркеу қолданылады; сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе жасаған қылмысының ауырлық деңгейіне қарамастан, сот шешімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдардан басқа он сегіз жасқа жеткен барлық азаматтар сайлауда дауыс беруге қатысуға құқылы. Сайлау күні сайлаушылар тұрғылықты жері осы учаскеде екенін растайтын мекен-жай анықтамасын көрсеткен жағдайда, өздерін сайлау учаскелерінде тіркей алады. Азаматтар сайлаушылар тізімдерімен 4 наурыздан бастап, бұл тізімдер сайлау учаскелерінде ілініп қойылғаннан бері, таныса алатын болды.
- Конституция сөз бостандығына кепілдік беріп, цензураға тыйым салса, Қылмыстық Кодексте жала жабу және қорлау, сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлерді қорғаудың арнайы шаралары жөнінде ережелер белгіленген. Сайлау туралы заң сайлау науқандарының барысы БАҚ-та объективті түрде баяндалуын талап етеді және

үміткерлерге тең жағдай жасалуына кепілдік береді. Медиа кеңістікте тәуелсіз медиа арналар жоқ; балама пікірлерді білдірудің алаңшасы ретінде, көбінесе, әлеуметтік желілер қолданылады. БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі медиа-кеңістіктегі соңғы оқиғалар пікірлер плюрализмін одан әрі шектейді, деп алаңдаушылық білдірді.

- Сайлауға қатысты шағымдар мен арыздар сайлау комиссияларына, соттарға және прокуратураға беріле алады. Сайлау туралы заңға енгізілген соңғы түзетулер бойынша, ОСК шешімдеріне түсірілген барлық шағымдарды қарау Жоғары Сот құзіретіне берілді. Қазіргі кезде, Жоғары Сотқа келе жатқан сайлау бойынша бір арыз түсірілді.
- ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлауды бақылау Миссиясы өз жұмысын Астанада, 17 ақпанда бастады, Миссия құрамына негізгі топтың 11 мүшесі және елдің бүкіл аумағы бойынша орналасқан 28 ұзақ мерзімді бақылаушы кіреді.

II. КІРІСПЕ

Сыртқы істер министрлігінің шақыруымен ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 17 ақпанда сайлауды бақылау Миссиясын (СБМ) ашты.¹ Елші Борис Фрлец басқаратын СБМ Астанада тұратын негізгі топтың 11 мүшесінен және елдің 14 өңірінде 23 ақпаннан бастап орналастырылған 28 ұзақ мерзімді бақылаушыдан тұрады. Миссия мүшелері ЕҚЫҰ-ның 18 қатысушы елінің атынан жұмыс істейді. Сонымен қатар, қатысушы елдерге сайлау күнгі рәсімдерді бақылау үшін 400 қысқа мерзімді бақылаушыларды беруге өтінім жіберілді.

III. КІРІСПЕ АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІН

13 қаңтар күні *Мәжіліс* депутаттары Президентке, Назарбаев мырзаға, Парламентті мерзімінен бұрын тарату жөнінде бірауыздан өтініш жолдады, себебі заңнамалық бағдарлама орындалды, ал жаңа экономикалық қиындықтар аясында Үкіметке сенім мандатын растау керек болды.² Бір аптадан кейін Президент Назарбаев 20 наурызға кезектен тыс парламент сайлауын белгіледі, және ол *Мәслихаттарға* (жергілікті өкілетті органдар) сайлаумен қатар жүргізіледі.³ Бұл сайлау мерзімінен бұрын өткізіліп жатқан, бірінен кейін бірі болған парламент сайлауының үшіншісі. Билік өкілдері ұлттық заңнама және халықаралық стандарттарға сәйкес сайлау өткізу ниеті жөнінде мәлімдеді.⁴

Қазақстанда 7 саяси партия тіркелген, оның бесеуі 2012 ж. Президент, Назарбаев мырза басқаратын «*Нұр Отан*» партиясы екінші рет қатарынан жеңіске жеткен, кезектен тыс парламент сайлауына қатысқан. «*Нұр Отан*» 98 төте сайланатын орынның 83-ін жеңіп алған (81 пайыз), «*Ақ Жол*» Қазақстан Демократиялық Партиясы және Қазақстан Коммунистік Халық партиясы (ҚКХП) сәйкесінше 8 (7,5 пайыз) және 7 (7,2 пайыз) орын алды. «*Ауыл*» Халық-демократиялық патриоттық партиясы, «*Бірлік*» Саяси Партиясы, Жалпыұлттық социал-

¹ Қазақстан Республикасындағы [сайлау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның алдыңғы есептерін](#) қараңыз.

² 18 қаңтар 2016 ж. *Мәжіліс* Төрағасының мәлімдеуінше, (кезектен тыс парламент сайлауын өткізудің) «негізгі себебі партиялардың сайлаушылардан жаңа сенім мандатын алу, кең қоғамдық ұйысу, және реформаларды барлық деңгейде жүзеге асыру үшін Мәжіліс пен Мәслихаттардың әрекеттерінің үйлесуінің қажеттігі». [Кезектен тыс сайлау өткізу туралы депутаттардың Үндеуін](#) қараңыз.

³ [ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Мәслихаттарға сайлауды, оның Мәжіліске сайлауға көрсететін ықпалы қаншалықты болса, сол мөлшерде ғана бақылайды.](#)

⁴ 26 ақпанда ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қысқы мәжілісінде [Сенат төрағасы](#) «парламент сайлауы ашық және әділ, ұлттық заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкес болады,» деді.

демократиялық партия (ЖСДП) және «Азам» Қазақстан Демократиялық партиясы Парламентте орын алмады. Тіркелген жеті партияның алтауы қазіргі сайлауға қатысады.⁵ 2012 жылғы кезектен тыс парламент сайлауы жөніндегі қорытынды есебінде, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ былай деп мәлімдеді: «Сайлау техникалық тұрғыдан жақсы ұйымдастырылған, сонымен қатар, тым болмағанда, екі партиялық Парламентті құруға бағытталған белгілі құқықтық өзгертулер қабылданған; дегенмен, Өкімет, демократиялық институттардың қызмет етуін қамтамасыз ету үшін міндетті болатын шынайы демократиялық сайлаудың өтуіне қажетті жағдай жасамады».

Соңғы Парламент сайлауынан соң, партиялық арена өзгерді. 2013 ж. «Бірлік» партиясы құрылды, 2015ж. «Ауыл» партиясы Қазақстан патриоттары партиясы бірікті.⁶ Оның үстіне, 2015ж. 3 тамызда Әділет министрлігі мәлімдемесімен, Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Қазақстан Коммунистік партиясын (ҚКП), бұл партия партияны тіркеу талаптарына сай емес болғандығын негізге ала отырып, тарату жөнінде шешім қабылдады. Сот шешімінен кейін, 2015ж. президент сайлауы барысында партия жұмысы уақытша тоқтатылып, Әділет министрлігі анықтаған тіркеуге қатысты сәйкессіздіктерді түзетуге партияға үш ай уақыт берілді.⁷ Жеті тіркелген партия және Парламенттегі үш партияның болуына қарамастан, Президенттің және оның «Нұр Отан» партиясының жұмысы ұлттық саяси өмірде басым түседі.

2015ж. желтоқсанда Қазақстан үкіметтік емес ұйымдардың қызметін реттейтін бірқатар заңға түзетулер енгізді. Азаматтық тараптан Парламент сайлауы бақылауына қатысып отырған ұйымдар ЕҚЫҰ-ДИАҚБ СБМ-на әкімшілік талаптардың жоғарылауына және жаңа санкциялайтын тетіктің енгізілуіне байланысты алаңдаушылық білдірді, олардың мәлімдеуінше, бұл азаматтық қоғамның тиімді түрде қызмет етуіне нұқсан келтіруі мүмкін.

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ

Қазақстанда екі палаталы Парламент Төменгі палатаның (*Мәжіліс*) 107 мүшесінен және тікелей емес сайлау арқылы сайланатын жоғарғы палатаның (*Сенат*) 47 мүшесінен тұрады.⁸ *Мәжілістің* тоқсан сегіз депутаты бір жалпы ұлттық сайлау округі аясында, пропорционалды өкілдік негізінде сайланады. Қалған 9 мүшесін Қазақстан Халқы Ассамблеясы, Президент құрған кеңесші орган, сайлайды.⁹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұрын бұл жағдайды ЕҚЫҰ міндеттемелерімен сәйкестендіруді ұсынған болатын, бұл міндеттемелерге сәйкес, ұлттық заң шығарушы органның, кем дегенде, бір палатасының барлық орындары төте сайлау арқылы сайлануы керек.

Жалпы дауыс санынан, кем дегенде, жеті пайыз жинаған партиялар *Мәжілісте* орын алады. Бір партия ғана кедергіден өтсе, дауыс саны бойынша екінші орын алған саяси партия, кемінде, екі

⁵ «Азам» Қазақстан Демократиялық партиясы, орталық өкіметке қарсы тұрған азаматтық күш өкілдері *Мәжіліске* өтеді деп үміттену шындыққа жанаспайды, деп мәлімдеп, сайлауға қатысудан бас тартты.

⁶ «Бірлік» партиясы «*Руханият*» және «*Әділет*» Демократиялық партиясының бірігуі негізінде құрылды.

⁷ Анықталған сәйкессіздіктер: партияның бас кеңсесі және оның 13 филиалының іс жүзіндегі мекенжайларының тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайлармен сәйкес келмеуі; партия мүшелерінің саны талап етілетін ең аз сан – 40 000 мүшеден азайды; бірнеше филиалда филиалдағы партия мүшелерінің саны талап етілетін ең аз саннан аз – бір филиалға 600 мүше; партия барлық филиалдарындағы партия мүшелерінің электронды тізімдерін жасамаған; салық заңнамасына сәйкес келмеу және салық декларацияларын өткізбеу.

⁸ Елдің 14 облысының және Астана мен Алматы қалаларының өкілетті органдары екі сенатордан сайлайды. Сонымен қатар, Президент 15 сенаторды тағайындайды.

⁹ ҚХА этникалық және мәдени бірлестіктердің 446 өкілінен тұрады; оның негізгі ролі – қазақстандық азаматтық сәйкестікті қалыптастыру үдерісінде этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

орын алады. Сайлаудан кейін, саяси партия партиялық тізімдегі үміткерлердің арасында орындарды бөледі, партиялар тізім нумерациясын сақтауға міндетті емес.¹⁰

Сайлауға қатысты құқықтық базаға, бірінші кезекте, Конституция, «Қазақстан Республикасындағы сайлау жөнінде» конституциялық заң (Сайлау туралы заң), «Саяси партиялар жөнінде» заң және Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулылары кіреді.¹¹ Қазақстан, бірқатар негізгі халықаралық және өңірлік құжаттарға қосылып, демократиялық сайлау стандарттарын сақтауға ниет білдірді.¹² Сайлауды реттейтін заңдар негізгі азаматтық және саяси құқықтарға кепілдік береді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ шектеу ережелерін, оның ішінде сайлау құқығы, үміткерлердің құқықтылығы және жиын мен ойды еркін білдіру бостандықтарын шектеуге байланыстыларын, ЕҚЫҰ міндеттемелерімен сәйкестендіруді алдында ұсынған.

Сот жүйесі жөніндегі заңнаманың өзгерістеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін және институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша заңнамалық бастама аясында, Сайлау туралы заңға 2015ж. Президент сайлауы өткеннен бері, екі рет түзетулер енгізілді.¹³ ОСК Сайлау туралы заңды өзгерту жөнінде мазмұнды ұсыныс әзірлеп жатқанын мәлімдеді, ол 2017ж. Қарастырылады және онда жақында түзетулер енгізілгеніне қарамастан, көпшілігі бұрын ескерілмеген ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстары ескеріледі.

V. САЙЛАУ ҮДЕРІСІН БАСҚАРУ

ОСК, 16 облыстық сайлау комиссиясы (ОбСК), 208 аумақтық сайлау комиссиясы (АСК) және 9840 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) сайлау өткізуді жүзеге асырады.¹⁴ Барлық деңгейдегі комиссиялар құрамына бес жылға тағайындалатын жеті мүше кіреді. Сайлау туралы заң азаматтардың жекелеген санаттарына сайлау комиссияларының мүшесі болуға рұқсат бермейді, атап айтқанда, депутаттар, үміткерлер, судьялар және басқа да мемлекеттік қызметкерлер комиссияларды жұмыс істей алмайды.¹⁵ Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары төменгі сайлау комиссияларына логистикалық және оперативті қолдау көрсетеді; қазіргі кезде техникалық дайындық жүргізіліп жатыр.¹⁶

¹⁰ ҚР Конституциясында императивті мандат көзделген: депутаттар, өздері сайланған партиядан шықса немесе шығарылса, немесе ол партия өз жұмысын тоқтатқан жағдайда, өз мандаттарын жоғалтады (52.3- бап).

¹¹ Басқа да қолданылатын заңдар: «Қазақстан Республикасында Бейбіт жиналыс, митингтер, пикеттер және шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» ҚР Заңы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңы, «Байланыс туралы» ҚР заңы, «Телерадиохабар тарату туралы» ҚР заңы, және ҚР Қылмыстық кодексінің тиісті ережелері, «Әкімшілік құқық бұзу туралы» ҚР кодексі, ҚР Азаматтық кодексі және ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің тиісті ережелері.

¹² Оның ішінде, 1966ж. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт, 1979ж. Әйілдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы Конвенция, 2003ж. БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы, 2006ж. Мүгедектер құқықтары туралы Конвенция, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушы-мемлекеттерінде демократиялық сайлау, сайлау құқықтары және бостандықтары стандарттары туралы Конвенция, 2012 ж. Қазақстан «Құқық арқылы демократияға» Еуропа Комиссиясының мүшесі болды (Венеция комиссиясы).

¹³ «Азаматтық-процессуалдық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 ж. 31 шілдеде шыққан ҚР Конституциялық заңын және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңын қараңыз.

¹⁴ Оның ішінде, ҚР-дың шет елдердегі 51 дипломатиялық миссиясында ашылған 65 сайлау учаскесі. ОбСК облыстық (өңірлік) әкімшілік деңгейде құрылады: 14 облыстың әрбірінде бір комиссиядан, Астана және Алматы қалаларында бір комиссиядан. АСК аудан, қала деңгейлерінде құрылады.

¹⁵ Степногорск қ-сы АСК хатшысы жергілікті сайлауға түседі, бұл Сайлау туралы заңның 20-бабының 12-тармағының 2-тармақшасымен тыйым салынған.

¹⁶ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған барлық сайлау комиссиялары дерлік жақсы жабдықталған болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған 72 ОбСК мен АСК ішінен, шамамен 40 комиссия жергілікті мемлекеттік органдар ғимараттарында орналасқан.

ОСК сайлау заңнамасының атқарылуына және біркелкі қолданылуына жауап беретін тұрақты орган болып табылады. Президент ОСК төрағасы мен екі мүшесін тағайындайды, Сенат және *Мәжіліс* екі мүшеден тағайындайды. Қазіргі кезде, ОСК құрамында алты мүше бар, оны екеуі – әйел адам; бір қызмет орны бос.

Төменгі комиссиялар мүшелерін *Мәслихаттар*, саяси партиялар ұсынған кандидатуралардың ішінен таңдап сайлайды.¹⁷ Дегенмен, *Мәслихаттар* саяси партиялардың кандидатураларымен шектелмейді, және заң, комиссиялар мүшелерін алмастырған жағдайда, партияларға қайтар ұсынуға кепілдік бермейді. Оның үстіне, егер партиялар номинанттарды жеткілікті мөлшерде ұсынбаса, *Мәслихаттар* қоғамдық бірлестіктер немесе жоғарғы сайлау комиссияларынан кандидатуралар сұрай алады.¹⁸ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барған кейбір орта және төменгі деңгей комиссияларында барлық мүшелер «Нұр Отан» партиясынан болды.¹⁹ Басқа жағдайда, комиссияның кейбір мүшелері өздерін қандай ұйым тарапынан келіп отырғанын білмеді.²⁰

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның кей сұхбаттастары сайлау комиссияларын құру жеткілікті мөлшерде транспарентті болмағанын айтып, алаңдаушылығын білдірді.²¹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ұзақ мерзімді бақылаушыларының мәлімдеуінше, кейбір кезде, ЖСДП өз үміткерлерін ОбСК және АСК-на ұсынғанымен, номинанттардың ешқайсысын тиісті *Мәслихаттар* таңдамаған.²² Осының салдарынан, ЖСДП, кейбір жағдайлар бойынша, сайлау комиссияларының бейтараптығына күмән келтіреді.

ОСК ашық мәжілістер өткізді, және сәйкесінше оларға саяси партиялар өкілдері, жергілікті және халықаралық бақылаушылар және БАҚ өкілдері қатысты. Сайлау туралы хабарланғаннан бері, ОСК сайлауды ұйымдастыруға қажет бірнеше шешім қабылдап, оларды өз сайтында жариялады. Бұл мәжілістерге қоса, ОСК, БАҚ және бақылаушылардың қатысуымен, сайлауды дайындау барысы жөнінде брифингтер өткізді. Қазіргі кезде, төменгі комиссиялар үшін тренингтер өткізілуде, онда ОСК әзірлеген баспа және бейнематериалдар қолданылады. ОСК сайлаушыларға арнап, бірнеше үйрету бейнероликтерін әзірледі, олар тұрақты түрде әртүрлі телеарналарда көрсетіледі.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сайлаушыларды тіркеудің пассивті жүйесі Қазақстан халқының мемлекеттік тіркелімі негізінде жүзеге асырылады. ОСК сайлаушы азаматтардың бірыңғай электронды тіркеу реестрін жүргізеді, реестрге сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе сот үкімімен бас

¹⁷ ҚР Әділет министрлігінде тіркелген әрбір партия әр сайлау комиссиясына бір үміткерден ұсынуға құқылы. Партия өзінің мүшесі емес адамды ұсына алады. ОСК мәліметтері бойынша, ОбСК барлық мүшелерінің 34 пайызын және төрағалардың жалпы санының 25 пайызын әйелдер құрайды; АСК барлық мүшелері мен төрағаларының 27 пайызын әйелдер құрайды.

¹⁸ 19 ақпандағы ОСК мәліметтері бойынша, комиссия мүшелерінің 62 пайызын әртүрлі партиялар өкілдері құраған, қалған 38 пайызы – қоғамдық бірлестіктер және жоғары тұрған комиссиялар ұсынған кандидатуралар. Орта буын комиссияларында партиялар былай орналасқан: «Нұр Отан» (214 мүше), ҚКХП (193 мүше), «Ақ Жол» (193 мүше), «Бірлік» (191 мүше), «Ауыл» (189 мүше), ЖСДП (26 мүше).

¹⁹ Кейбір комиссиялар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на олардың мүшелерінің барлығы «Нұр Отан» партиясынан болғандығын, бірақ оларды әртүрлі ұйымдар ұсынғандығын айтты. Мысалы, Мамлют Солтүстік Қазақстандағы АСК, Қарақия АСК-сы, Шығыс Қазақстандағы Риддер мен Семей қалаларының АСК.

²⁰ Астана қ. АСК, Астана қ. ауданының АСК, Глубоковская АСК, Шығыс Қазақстанда Өскемен қ. АСК, Ертіс АСК, Качир АСК, Павлодар облысында Павлодар қ. АСК.

²¹ Комиссия мүшелері комиссия мүшелерін тағайындау рәсімін қарама-қайшы сипаттады, және кейбірі *Мәслихаттар* комиссия мүшелерін іріктеу және алмастыру кезінде қолданатын критерийлерді атай алмады.

²² ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау және Жамбыл облыстарында осындай оқиғалардың орын алғаны жөнінде хабардар.

бостандығынан айыру орындарында отырған тұлғалардан басқа, он сегіз жасқа жеткен барлық құқықты сайлаушылар кіреді. Қамауда жазасын өтеп жатқан сайлаушылар, жасаған қылмысының ауырлығына қарамастан, дауыс бере алмайды. 2016ж. 1 қаңтарының мәліметтері бойынша, жалпы сайлаушылар саны - 9 791 165 адам.

Жылына екі рет, *әкімдіктер* (жергілікті атқару органдары) халықты есепке алуға жауапты органдар ұсынған мәліметтерге және пәтерлерді аралау кезінде жиналған ақпаратқа сүйене отырып, сайлаушылар тізімін құрады және жаңартады.²³ ОСК жаңартуларды тексереді және әрі қарай айқындау үшін, тиісті *әкімдіктерге* қайталанған жазбалар және басқа да қателіктер жөнінде ақпаратты жібереді.

Азаматтар сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша енгізіледі. Тұрғылықты жерінен басқа жерден дауыс бергісі келетін сайлаушылар, сайлау күніне, кем дегенде, 30 күн қалғанда, уақытша тұратын жері бойынша тиісті сайлаушылар тізіміне оларды енгізу жөнінде жазбаша өтініш бере алады. Азаматтар сайлаушылар тізімімен 4 наурыздан, яғни сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдерін жариялаған күннен бастап, таныса алады. Сайлаушылар өз мәліметтерінде жіберілген қателерді түзетуді талап етуге құқылы.²⁴ Сонымен қатар, сайлау күніне дейін екі апта ішінде, сайлаушылар дауыс беру құқығына есептен шығару куәлігін (ЕК) ала алады, бұл куәлік оларға өздері тіркелген қала немесе ауылдан тыс кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік береді. Егер сайлаушылар, халыққа қызмет көрсету Орталығы берген тиісті мекен-жай анықтамасын көрсетсе, УСК сайлаушыларды сайлау күні де тіркей алады.

VII. ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТІРКЕУ

Сотталғандығы өтелмеген және сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылған азаматтардан басқа, 25 жасқа жеткен және Қазақстан Республикасы аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан тіркелген сайлаушылар сайлауға түсе алады. Тәуелсіз үміткерлердің өзін-өзі ұсынуы және сайлау блоктарын құруға тыйым салынған.²⁵

Тіркелген саяси партиялар үміткерлерді жалпы ұлттық партиялық тізімдер арқылы ұсынады. Тіркелу үшін, партиялар әртүрлі құжаттар өткізу керек, оның ішінде, өмірбаяндар және тізімге кіргізілуге келісім беру арыздары, және үміткерлердің кірісі мен мүлкі жөніндегі декларациялар.²⁶ Тіркеу құжаттарымен қоса, партиялық тізімдегі әрбір үміткер үшін, бес ең төменгі жалақы көлемінде (шамамен 850 еуро) сайлау жарнасын өткізу қажет.²⁷ Тіркеу және

²³ Бұл институттарға: ПМ, Әділет министрлігі және Прокуратураның аумақтық бөлімшелері, емдеу және медициналық орталықтардың басшылары, тергеу изоляторлары және уақытша ұстау изоляторлары, ТКШ, оқу орындарының ректорлары және кеме капитандары жатады.

²⁴ Демалыс үйлерінде, шипажайларда, стационарлық емдеу-профилактикалық мекемелерде, шалғай және жету қиын аудандарда, отарлы мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторларында және уақытша ұстау изоляторларында, және шет ел мемлекеттеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанында, Қазақстан Республикасына тиесілі сайлау күнінде теңізге болған кемелерде, әскери бөлімдерде құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері сайлаудан бес күн бұрын жарияланады.

²⁵ ОСК тәуелсіз үміткер ретінде тіркелуге тілек білдірген азаматтардан екі өтініш қабылдады.

²⁶ Партиялар келесі құжаттарды өткізеді: саяси партияның сайлау жарнасын өткізгендігін растайтын құжат; ҚР Әділет Министрлігінде саяси партияның тіркелгендігі жөнінде құжаттың көшірмесі мен саяси партияның жоғарғы органының партиялық тізімді ұсыну жөніндегі хаттамасынан жазба және партиялық тізімге енгізілген тұлғаның осы тізімді ұсынған саяси партияда мүшелігін растайтын құжат.

²⁷ Сайлау жарнасын алдыңғы сайлауда дауыстың жеті немесе одан көп пайызын жинаған саяси партиялар төлемейді, алдыңғы сайлауда дауыстың 3-5 немесе 5-7 пайызын жинаған саяси партиялар сайлау жарнасының сәйкесінше 70 және 50 пайызы көлемін төлейді.

үміткерлерге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру үшін өткізілген құжаттарды тексергеннен кейін, ОСК 19 ақпанға дейін, яғни заң бойынша белгіленген мерзімге дейін, алты саяси партия ұсынған барлық 234 үміткерді тіркеді. 234 үміткердің 47-сі (20 пайыз) – әйелдер. Сайлау туралы заңда гендерлік квота немесе осы сайлауға әйелдерді қатысуға ынталандыру бойынша басқа да арнайы шаралар қарастырылмаған.²⁸

ОСК 16 ақпанда өткізген жеребе тастау рәсімі бойынша, бюллетенде партияларды белгілеудің келесі тәртібі анықталды: «*Нұр Отан*» (127 үміткер), ҚКХП (22 үміткер), «*Ақ Жол*» (35 үміткер), «*Бірлік*» (8 үміткер), ЖСДП (23 үміткер), «*Ауыл*» (19 үміткер).

VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау туралы заң сайлауға қатысу үшін, партияларға тең құқықтарға және жағдайларға кепілдік береді. Мемлекеттік ресурстарды пайдалануға, қайырымдылық шараларын өткізуге және сайлаушыларға тауар, қызмет, ақша немесе экономикалық пайда ұсынуға уәде беруге тыйым салынған. Үміткерлер және саяси партиялар тауар немесе қызметті өтеусіз негізде қабылдауға құқығы жоқ. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, және олардың лауазымды тұлғаларының лауазымдық міндеттерін орындау кезінде сайлауалды үгітті жүргізуі заңға қайшы. Сонымен қатар, сайлауалды үгітті жүргізу барысында, мемлекеттік органдардың лауазымдық тұлғалары болып табылатын үміткерлерге өз лауазымдық жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады. Сайлауалды үгітті жүргізу ережелерін бұзу бір үміткердің немесе барлық партиялық тізімнің тіркелуі жөніндегі шешімнің күшін жоюға әкелуі мүмкін.

Конституция жиын өткізу бостандығына кепілдік бергенімен, барлық сырттағы үгіттеу іс-шараларын өткізу жергілікті атқару органдарымен келісуді қажет етеді.²⁹ 28 ақпанда жергілікті атқару органы ЖСДП-ның шеру өткізу жөніндегі өтінішін қоғамдық және жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында қабылдамады.

Сайлауалды үгіттеу жұмыстары ресми түрде 20 ақпанда басталды, қазіргі кезде үгіттеуді жүргізу қатты байқалмайды.³⁰ Партиялардың үгіттеу тұғырнамалары мазмұны мен сарыны жағынан бір-бірінен біраз ерекшеленеді және әлеуметтік тұрақтылыққа, экономикалық дағдарысты еңсеру бойынша ұзақ мерзімді жоспарларға, сонымен қатар ұлттық бірлік пен құндылықтарды сақтауға көбірек көңіл бөледі бұл тақырыптар Президенттің ұзақ мерзімді стратегияларына байланысты.³¹ ЖСДП басқарушы партия мен институттардың қарсыласы ретінде өзін жариялап, сайлау үдерісінің тұтастығы жөнінде алаңдаушылық білдірді.

Көптеген үміткерлер қолданатын үгіттеу құралдарына келесілер жатады: пәтерлерді аралау, үндеухаттар тарату, флэш-мобтар өткізу және жабық үй-жайларда кездесулер өткізу, партиялардың қоғамдық қабылдау бөлмелерін қолдану, онда азаматтар күнделікті проблемаларын шешу жөнінде кеңес және партия жұмысы туралы ақпарат ала алады. Көптеген партиялар сайлаушылармен кездесулерін мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда, оқу орындарында, кітапханаларда және мәдени орталықтарда өткізді. «*Нұр Отан*» партиясының сайлау науқаны, қазіргі кезде, үгіттеу штабы, қолданатын құралдары жағынан ресурстармен

²⁸ Алдыңғы шақырылым *Мәжілісінде* 28 (26,2 пайыз) депутат-әйел болған, қазіргі Сенатта – 3 (6,4 пайыз) әйел.

²⁹ «Қазақстан Республикасында Бейбіт жиналыс, митингтер, пикеттер және шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» ҚР Заңына сәйкес, іс-шара белгіленген күннен 10 күн бұрын ұйымдастырушылар жергілікті атқару органына іс-шара түрі және өкілетті ұйымдастырушылары көрсетілген жаппай іс-шара өткізу жөнінде өтініш беру керек.

³⁰ Сайлауалды үгіт 18 наурызда 24:00-де аяқталады.

³¹ «[Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты кадам](#)» және «[Нұрлы Жол](#)».

жақсырақ жабдықталған, және көзге көбірек түседі. «Ақ Жол», «Ауыл», «Бірлік» және ҚКХП партияларының плакаттары, постерлері және үндеухаттары ел аумағында азырақ мөлшерде ұсынылған. Шектеулі қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты, ЖСДП сайлаушылармен тіл қатысу үшін көп жағдайда әлеуметтік желілерді қолданады.

Республикалық бюджетте осы парламенттік сайлауда сайлау науқандарын қаржыландыру қарастырылмаған. Саяси партиялар өз қаржысын және дербес қайырымдылық жәрдемді қолдана алады.³² Сайлау науқанын қаржыландыруға жұмсауға болатын жалпы сома 342 885 000 теңгені (шамамен 888 000 еуро) құрайды. Саяси партиялар қаражаттың түсуін және оның жұмсалуды есепке алу үшін арнайы банк шотын ашу керек.

Банк ОСК-на апта сайын шот бойынша қаражат қозғалысы жөнінде есеп береді. Сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін, бес күннің ішінде, саяси партиялар сайлау науқандарын өткізу аясында қаражатты жұмсау жөнінде есеп беруі керек. Осы есептерге сүйене отырып, ОСК әр партия алған жалпы сома және бұл қаражаттың көздері бойынша жиынтық мәліметтерді жариялайды. 2015ж. тамызда ОСК Ережесіне енгізілген түзетулерге сәйкес, айына екі рет ОСК үгіт мерзімі ішінде партиялардың алған және жұмсаған қаражаты жөнінде мәліметтерді жариялайды. 2016ж. 3 наурызда партиялардың жеке қаражатының сомасы және дербес қайырымдылық жәрдем сомасы, және осы күнге дейін партиялардың жұмсаған сомасы көрсетілген ақпарат жарияланды.³³

IX. БАСПАСӨЗ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Елде БАҚ арналарының көптігіне қарамастан, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның кейбір сұхбаттастары, мемлекет өз ықпалын, оның ішінде жеке БАҚ үшін де, кең ауқымды мемлекеттік тендерлер (мемлекеттік тапсырыстар) жүйесі арқылы пайдаланатынын айтып, алаңдаушылық білдірді. Медиа кеңістікте хабарды кең тарату секторында балама көздер жоқ; телевизия, оның ішінде мемлекеттік «Хабар» телеарнасы, саяси ақпараттың негізгі көзі болып табылады, әсіресе, Астанадан тыс жерлерде. Сонымен қатар, *Первый канал «Евразия»*, мемлекеттік «Қазақстан» телеарнасы және Ресей Федерациясының *Первый каналының* бірлескен кәсіпорны көпшілік аса ұнататын арна болып қала береді. Көбінесе, жастар және қала тұрғындарының арасында, саяси ақпараттың балама көзі болып табылатын интернетті, оның ішінде, әлеуметтік желілерді қолдану мөлшері ұлғаюда.

Конституция сөз бостандығына кепілдік беріп, цензураға тыйым салса, Қылмыстық Кодексте жала жабу және тіл тигізу, сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлерді қорғаудың арнайы шаралары жөнінде ережелер белгіленген. Әлеуметтік, ұлттық және діни араздықты қоздыруға тыйым салынған және ол 20 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеледі, жалған ақпаратты таратуға да тыйым салынған және ол 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеледі. «Байланыс туралы» заң бойынша, прокурор жеке тұлғаларға, қоғамға және мемлекетке «зиян тигізуі» мүмкін ақпаратты немесе ішінде «экстремистік» қызметке шақыру бар ақпаратты тарататын сайттарды уақытша бұғаттай алады. 2015 ж. Салық кодексін түзетулер енгізілген, оларға сәйкес, талапкер ар-намысын қорғау туралы азаматтық істер бойынша келтірілген моральдық залалдың орнын толтыру жөнінде талап қою арызы сомасына байланысты баж салығын төлеуі қажет. 2015 ж., БАҚ бостандығы мәселелері бойынша ЕҚЫҰ Өкілі қолдауымен, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң қабылданды. Алайда, БАҚ бостандығы мәселелері бойынша ЕҚЫҰ Өкілі

³² Қазақстан Республикасының азаматтары және ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, қайырымдылық ұйымдарынан, діни бірлестіктерден, өз жарғылық капиталында шетелдік үлесі бар қазақстандық заңды тұлғалардан басқасы, саяси партияның сайлау қорына ерікті түрде қаражат тапсыра алады. Анонимді түрде қаражат тапсыруға тыйым салынған.

³³ Қараңыз: <http://election.kz/rus/news/news/index.php?ID=3076>

елдегі БАҚ бостандығының жағдайы жөнінде, оның ішінде, әкімшілік құқық бұзуға үйлесімсіз, шамадан тыс көп мөлшерде айыппұл салуға, және пікірлер плюрализмін шектеуге әкелген тілшілерді және тәуелсіз дереккөздерді сотпен қудалауға қатысты, алаңдаушылық білдірді.³⁴

Сайлау туралы заң БАҚ-ты сайлау науқандары жөнінде объективті түрде хабар таратуға міндеттейді және саяси партияларға БАҚ-қа тең қолжетімділікке кепілдік береді. Заңда үміткерлерді ұсынған саяси партиялар арасында пікірталастар өткізу көзделген; ОСК пікірталастарды өткізеді. ОСК бойынша, сайлауға түскен партияға, жаңалық тұрпатынан тыс берілген кез келген эфир уақыты сайлауалды үгіт деп қарастырылады және партияның сайлау қорынан төленеді. Заң, партияның сайлауалды үгітті жүргізудің қаржылық мүмкіндіктеріне тәуелді төленетін үгітті шектемейді. ОСК түсінігі бойынша, үміткерлердің сайлауалды үгітіне қатысты әлеуметтік желілердегі публикациялар жеке көзқарастарын білдіру ретінде қарастырылады және өз бетінше сайлау науқанына жатпайды.

ОСК БАҚ-тың Сайлау туралы заңды сақтауын қадағалайды және бұл міндетті Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитетімен (Байланыс Комитеті) бірлесе отырып атқарады. Байланыс Комитеті көптеген медиа арналарда (47 телеарна, 12 радиостанса, 237 газет и 162 онлайн-ресурс) үміткерлердің сандық қамтылымын (сарынын емес) талдайды және осының нәтижелерін күнделікті ОСК-ке өткізеді.³⁵

22 ақпанда «КазТАГ» дербес жаңалық агенттігінің құрылтайшысы және Қазақстан тілшілері Одағы Басқармасының Төрағасы салық төлеуден жалтару және мемлекеттік қаражатты ұрлау айыбымен тұтқындалды. Алматыда орналасқан сөз бостандығын қорғау Қорының, тергеу ашықтығын қамтамасыз ету үшін Бас Прокурорға өтініш білдірілген «Әділ Сөз» үндеуін 400-ден астам тілші қолдады.³⁶

20 ақпанда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жеті телеарна, бір радиостанция және алты газетке сапалық мониторинг жасауды бастады.³⁷

Х. ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Сайлау туралы заң шешімдерге шағымдануға, сайлау комиссияларының немесе жергілікті өкімет органдарының әрекеттері немесе әрекетсіздігі, сонымен қатар, сайлау туралы Заңның бұзылуы жөнінде мәлімдеуге мүмкіндік береді. Алайда, Заң сайлау нәтижелеріне шағым түсіру құқығын шектейді, сол арқылы сайлауға қатысатын партияларға нәтижелердің дәлдігімен келіспеуге мүмкіндік бермейді.³⁸

Сайлау үдерісінің барлық қатысушылары сайлау комиссияларына немесе соттарға шешім қабылданған, әрекет немесе әрекетсіздік жасалған күннен бастап, он күн ішінде шағым түсіре

³⁴ БАҚ мәселелері бойынша ЕҚЫҰ Өкілінің мәлімдемесін қараңыз [26 қаңтар 2016 ж.](#), [26 желтоқсан 2015 ж.](#), [27 қазан 2015 ж.](#) және [25 қыркүйек 2015 ж.](#)

³⁵ 3 наурызда ОСК 20 ақпан мен 2 наурыз арасындағы мерзім бойынша [БАҚ мониторингісінің алғашқы нәтижелерін жариялады.](#)

³⁶ [«Әділ Сөз» үндеуін қараңыз.](#)

³⁷ «Қазақстан», «Хабар», «KZ24» телеарналары (мемлекет қаржыландыратын телехабар таратушылар), *Первый канал «Евразия»* (мемлекет қаржыландыратын БК), «Астана», «31 арна» және «КТК» (дербес арналар), «Қазақ радиосы» (мемлекет қаржыландыратын радио), «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері (мемлекет қаржыландыратын газеттер), «Караван», «Литер», «Время» және «Жас Алаш» (дербес газеттер). ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ онлайн-ресурстарда сайлау жөнінде хабар тарату мониторингін жасайды: www.informburo.kz, www.nur.kz, www.tengrinews.kz, www.zakon.kz, www.365info.kz.

³⁸ Президент, Парламент депутаттарының жалпы санының бестен бірі, Парламенттің қос палатасының спикерлері және Премьер-Министр сайлау нәтижелеріне шағым түсіре алады.

алады.³⁹ Сайлау туралы Заңға енгізілген соңғы түзетулер бойынша, ОСК шешімдеріне түскен барлық шағымдарды қарастыру құзыретіне Жоғары Сот ие.⁴⁰ Комиссиялар және соттар барлық шағымдарды бес күн ішінде қарайды, дауыс беруге бес күннен кем уақыт ішінде түскен шағымдарды дереу қарайды.⁴¹ Қазіргі кезде, ОСК *Мәжіліске* сайлауға қатысты 23 ресми хат алды, бірақ ОСК ешбір хатты шағым ретінде анықтаған жоқ. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ тәуелсіз үміткер ретінде тіркелуге тілек білдірген азаматтың Жоғары Сотқа берген талабы туралы хабардар, шағым түсіру мерзімін сақтамауға байланысты талап қабылданбады, және шынына келгенде, қарастырылмады.⁴²

XI. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАР

Сайлау туралы Заңда жергілікті және халықаралық бақылаушылар тарапынан сайлауды бақылау көзделген. Қоғамдық бірлестіктер және коммерциялық емес ұйымдар жергілікті бақылаушыларды ұсына алады. Саяси партиялар да бақылаушылар мен тең құқылы сенімді тұлғаларды тағайындай алады, және сенімді тұлғалар дауысты қайта санауды талап ете алады. ОСК халықаралық бақылаушыларды аккредитациядан өткізеді. 4 наурыз мәліметі бойынша, ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ТМД, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы және кейбір шет елдердің 308 бақылаушысын аккредитациядан өткізді. Азаматтық қоғам тарапынан кейбір ұйымдар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на парламенттік сайлауды республикалық және өңірлік деңгейде бақылау ниеті туралы хабарлады.

XII. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҚЫЗМЕТІ

17 ақпанда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Астана қаласында баспасөз конференциясын өткізді және онда өз қызметінің басталуы туралы хабарлады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мемлекеттік органдар, ОСК, саяси партиялар, БАҚ, азаматтық қоғам, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесі және дипломатиялық миссиялар өкілдерімен кездесті.⁴³

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы сайлау күнін бақылау үшін өз делегацияларын жібереді. ЕҚЫҰ төрағасының міндетін атқарушы Мариетта Тидей ханымды Арнайы Үйлестіруші және осы сайлауды бақылау бойынша ЕҚЫҰ қысқа мерзімді миссиясының басшысы етіп тағайындады.

*Есеп мәтіні ағылшын және орыс тілдерінде бар.
Есептің ресми нұсқасы тек ағылшын тіліндегі нұсқа.*

³⁹ Сайлау заңнамасын бұзу туралы арыздар прокуратураға да түсіріле алады.

⁴⁰ Жоғарғы Сот судьяларын Президент Парламент Сенатының келісімімен тағайындайды.

⁴¹ Заң жоғары сайлау комиссияларына төменгі комиссиялардың шешімдеріне, әрекетіне немесе әрекетсіздігіне түскен шағымдарды қарастыруға үш күн уақыт береді.

⁴² 2016 ж. 18 ақпанындағы Жоғарғы Сот шешімін қараңыз

⁴³ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ және Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесі окшауланған түрде, өз мандаттары аясында қызмет етеді.